

## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2024 жылғы 10 желтоқсан күнгі №03-5945 санды шығыс хатына сәйкес Тараз қаласы, Жамбыл даңғылы №200, «Магнат» қонақ үйінің 4 қабатында **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** тақырыбында Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балаларға арналған жаңажылдық шыршасы 2024 жылдың 24 желтоқсан күні өткізілсе, Жамбыл облысы әкімінің балаларға арналған жаңажылдық шыршасы 2024 жылдың 25 желтоқсан күні өткізілетіндігі туралы хабарлайды. Жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушылардың тізімі қосымша тіркеледі.

Шыршаға келетін балалардың толық медициналық тексеруден өткені және эпидемиялық жағдайы (*3 күндік эпидемиялық ортасының тазалығы туралы*) анықтамалары міндетті түрде болуы қажет. Сол сияқты, әрбір баланың жаңажылдық шыршаға киетін карнавалдық киімі мен қыс мезгіліне сәйкес сыртқы жылы киімдерін талапқа сай болуын бақылауға алуды сұранамыз.

Осыған орай, **2024 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 9:00-ге дейін** білім бөлімінің алдына Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өтетін шыршаға баратын оқушыларды мектепішілік бұйрық негізінде жетекшісімен бірге жеткізу қажет.


Сонымен қатар, **2024 жылдың 24 желтоқсан күні сағат 9:00-ге дейін** білім бөлімінің алдына Жамбыл облысы әкімінің атынан өтетін шыршаға баратын оқушыларды мектепішілік бұйрық негізінде жетекшісімен бірге жеткізу қажет екендігін тапсырады.

### Ескерту:

- аудандық білім бөлімінен автобустың ҚР Президентінің атынан өтетін шыршаға шығатын күні 23 .12. 2024 ж. сағат 9 :00 –де, 24 .12.2024 ж. сағат 15:00 –де қайтады.
- Облыс әкімінің шыршасына шығатын күні 24 .12. 2024ж. сағат 9.00 – де, 25 .12. 2024 ж. сағат 14.00-де қайтады.

**Қосымша:** *тізім*

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы**



**М.Сванов**

**Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өтетін шыршаға баратын оқушылар:**

1. Қалан Самат Мақсатұлы- Қорағаты шағын орталықты орта мектебінің 6 сынып оқушысы;
2. Ашимбек Эмира Есболқызы- Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің 6 сынып оқушысы;
3. Сансызбай Бекболат Берікұлы- Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінің 7 сынып оқушысы;
4. Балғабай Сағымбек Аянұлы- Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп – лицейінің 6 сынып оқушысы;
5. Мырзабек Жания Мұқағалиқызы- Ақыртөбе орта мектебінің 6 сынып оқушысы;
6. Кох Виктор Игорьевич- №1 мектеп-лицейінің 3 сынып оқушысы;
7. Варзин Владислав Игорьевич- Құлан мектеп –гимназиясының 6 сынып оқушысы;
8. Таласбай Інжу Русланқызы- №2 орта мектебінің 7 сынып оқушысы;
9. Фролищева Даменика Евгениевна- Максим Горький атындағы орта мектебінің 6 сынып оқушысы;
10. Нұрлан Ботагөз Нұркенқызы- Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебінің 4 сынып оқушысы;
11. Сейдкерім Жәния Талғатқызы- Қаныш Сәтбаев орта мектебінің 7 сынып оқушысы.

**Жамбыл облысы әкімінің атынан өтетін шыршаға баратын оқушылар:**

1. Асанбек Еркеназ Байболатқызы- Көкарық бастауыш мектебінің 4 сынып оқушысы;
2. Асанбай Аягөз Жолдасқызы- №4 шағын орталықты орта мектебінің 6 сынып оқушысы;
3. Сағындық Айбөпе Қуандыққызы- Райымбек Смаилов атындағы орта мектебінің 5 сынып оқушысы;
4. Исламова Зарета Рамазановна- Ақтоған орта мектебінің 7 сынып оқушысы;
5. Дуйсен Әдемай Ерғалиқызы- Мамай-қайынды бастауыш мектебінің 4 сынып оқушысы.